

БАЛАБАҚША ЛОГОПЕДИННІН АТА-АНАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Мақсаты:

Ата-аналарды логопедиялық процестің серіктесіне айналдыра отырып, балалардың сөйлеу тіліндегі ауытқуларын бірге түзетуге жағдай жасау, ата-ананың педагогикалық сауаттылығын арттыру.

Міндеттері:

- 1. Ата-аналарға баланың сөйлеу тілі бұзылыстарының себептері мен түрлері туралы ғылыми-практикалық ақпарат беру;**
 - Сөйлеу дамуының жас ерекшеліктерін түсіндіру
 - Ерте диагностика маңызын насихаттау
- 2. Сөйлеуді дамытуға бағытталған түзету жұмыстарын үй жағдайында да қолдауға үйрету;**
 - Артикуляциялық, дем алу, буындық жаттығуларды көрсетіп, үйрету
 - Дыбысты дұрыс қою және автоматтандыруға арналған жаттығуларды ата-анаға менгерту
- 3. Ата-ананың сөйлеу тіліндегі ауытқуларға деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру;**
 - Баланы ұялтпай, қолдауға бағытталған қарым-қатынас мәдениетін түсіндіру
 - Қате сөйлеуге психологиялық қысым көрсетпеу жөнінде кеңес беру
- 4. Ата-ананың логопедпен тұрақты байланысын қамтамасыз ету;**
 - Жеке кенестер, топтық кездесулер ұйымдастыру
 - Онлайн-платформалар арқылы кері байланыс жасау (Бейне/аудио, чат, т.б.)
- 5. Баланы бағалау, жетістігін көру және мадақтау тәсілдерін менгерту;**
 - Жетістікті бөлісу, ынталандыру мәдениетін дамыту
 - Қорытынды кезеңде бірге талдау жүргізу

ЖЫЛДЫҚ КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

Орындалу мерзімі	Іс-шара түрі	Тақырыбы	Мақсаты мен мазмұны	Жауапты мамандар
Қыркүйек	Ата-аналар жиналысы, кеңес беру жұмыстары Ата-аналардан сауалнама алу жұмыстарын алу	«Сөйлеу тілінің бұзылыстары: түрлері мен себептері»	Баланың сөйлеу дамуындағы ерекшеліктері туралы ата-анаға түсіндіру Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар оқушылардың ата-аналарынан оқушының сөйлеу тілінің бұзылысын анықтауға сауалнама алу.	Мектеп логопеді Мектеп логопеді
Қазан	Үлестірмеңі материалдар тарату	«Үй жасағайында баланың байаныстырып сөйлеу тілін дамыту мәселдері»	Ата-аналарға сөйлеуді дамытуға арналған ойындар, жаттығулар ұсынып, үйде қолдану жолдарын ұсыну	Мектеп логопеді
Қараша	Шебер сынып	«Армикуляциялық жаттығуларды үйде тиімді өткізу»	Ата-аналарға тіл, ерін, жақ жаттығуларын практикалық түрде орындату	Мектеп логопеді
Желтоқсан	Ата-аналарға арналған семинар-практикум	«Сөйлеу бұзылыстардың психоневрологиялық себептері және ата-ананы қолдау жолдары»	Баланың тіл дамуына әсер ететін жүйке жүйесі ерекшеліктері, баламен қарым-қатынас кезінде ата-ананың эмоционалдық тұрақтылығы, эмоциялық стратегиялары.	Мектеп логопеді Мектеп психологі
Қаңтар	Баяндама	Дисграфияның әр түрлерінде логопедиялық әдістемелері.	Ата-аналарды бағалардағы жазу бұзылыстарының түрлері мен пайда болу себептері туралы хабарлар ету, оларды ерте анықтауға, алдын алуға және	Мектеп логопеді Бастауыш сынып мұғалімдері

Жыл бойы	Ата-аналарға сұраныс бойынша кеңес беру		Түзету жұмысына белсенді түрде қатыстыру.	Педагог-логопед
Ақпан	Практикалық тренинг	«Жазу қалыптастыруға ата-ананың ықпалы»	Ата-аналарды баланың жазу дағдысын қалыптастырудың тиімді жолдарымен таныстыру, жазуға қажетті моторикалық және психологиялық алғышарттарды дамытуға арналған жаттығуларды үйрету, ата-ананың үйде қолдана алатын нақты әдістермен үйрету.	Мектеп логопеді Мектеп психологі Мектеп дефектологі
Наурыз	Ашық сабақ	Дыбыстардың дұрыс айтуын бұрында, сөзде, сөйлемде, мәтінде бекіту.	Дыбысты дұрыс айту дағдысын бұрында, сөзде, сөйлемде және мәтін ішінде орнықтыру арқылы тілдің фонематикалық жүйесін жетілдіру, сөйлеу мәдениетін дамыту және байланысқа түсу қабілеттерін арттыру.	Мектеп логопеді
Сәуір	Семинар тренинг	«Қиын бала» деген кім? Сөйлеу бұзылыстары мен мінез-құлық арасындағы байланыс	Баланың сөйлеу қиындықтарынан туындайтын психосоциалық мінез-құлық ерекшеліктерін түсіндіру	Мектеп логопеді Мектеп психологі
Мамыр	Қорытынды жиналыс	«Баланың жетістігі – бірлескен жұмыстың нәтижесі»	Оқушылармен жүргізілген түзете-дамыту жұмыстарының қорытындысымен ата-аналарды	Мектеп логопеді

			таныстыру, корытындылау.	оку	жылын	
--	--	--	-----------------------------	-----	-------	--